

І ТУЫ

МИТЕТИНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
АВЛ КАЛАЛЫҚ КОМИТЕТИНІҢ ГАЗЕТИ

май Сенбі

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Жазғы мал жайылымы маусымы басталды. Қоғамдық мал жайылымдықтарға шықты. Мал шаруашылығы қызметкерлері арасында қоғамдық мал шаруашылығын өркендету жолындағы социалистік жарыс кеңінен өріс ала бастады. Мал жайылымын тыңғылықты ұйымдастырып, мал басын өсіру, оның өнімділігін арттыру және мемлекетке мал шаруашылық өнімдерін тапсыру жолындағы күресте жаңа табыстарға жете берейік!

лымы ЛСЫН

й келеді. Барл
е Стаханов атында
лхоздарды алатын
йырдан, әр қойдан
ім мөлшері бұдан
тең деуге болады.
лығының өнімділігі
шында қалып келзе
жарты жылдықтың
ын аудан колхозда
бары 29 процент
к, сүт дайындауда
орнын толтыру
н мұқият ұйымдас
зірше, аудан кол
с жайылымын тың
рудың шаралары
п айта алмаймыз.
ын ұйымдастыруда
е Ленин ауданда
да көп кемшілік
лды жайып бағу-
техниктердің, мал
рінің алдына зор
ар бұл аса ма
дастыруда колхоз
есулері керек. Өр
рудың, жайылым-

Егістің озаттарына теңелейік!

★ ★ ★
Облыс колхоздары мен совхоздарында көктемгі өгіс
жоспарының орындалуы туралы 1952 жылғы
15 майдағы мәлімет

Аудандар	Егіс жоспарының орындалуы проценті	Аудандар	Егіс жоспарының орындалуы проценті
Приешім	62	Преснов	50,1
Совет	58,6	Булаев	48
Ленин	57,4	Соволов	46,2
Конюхов	51,3	Мамлют	41,1
Петронавл	51,3	Октябрь	40,9
Полудень	50,5		
		Облыс колхоздары бойынша:	50,7
		Совхоздар бойынша	92,7

Соңғы күндерде

Соңғы күндері Октябрь ауданындағы «Заря коммунизма» ауылшаруашылық артелінің № 2 бригадасының өгіс даласында жұмыс істейтін трактор отрядының тракторшылары көктемгі өгісті қысқа мерзімде аяқтау жолындағы социалистік жарысқа жаппай ұштасу нәтижесінде, еңбек өнімділігін еседен арттырып, сменалық тапсырмаларын дәлме-дәл орындауға жетісті.

Отряд механизаторларының ішінде З. Осипов және З. Рахметов сыяқты тракторшылардың еңбегі ерекше көзге түседі. Бұлар әрбір смена сайын 9—12 гектар жер жұмыстап, үздік табыстарға жетіп келеді. Осымен бірге, аталған тракторшылар жанар майын да көптеп үнемдеп жүр.

Қ. ШОҚАТОВ.

Шөп шабуға әзірліктің тез аяқталуын қамтамасыз етейік

Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің II пленумы қоғамдық мал шаруашылығын онан әрі өркендету күресінде берік жемшөп қорын жасау ісінің шешуші маңызы бар екендігін атап көрсете келіп, жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық орындарын әрбір шаруашылық бойынша жемшөп жыйнау жоспарының сөзсіз орындалуын қамтамасыз етуге, колхоздарда кемінде 20—30 процент ауыспалы сақтық қоры жасалуына жетісуге міндеттеді.

Пленум қаулысы атап көрсеткендей, мал азығын дайындау жоспарының орындалмауы салдарынан облыс колхоздары жыл сайын жемшөп жөнінде едәуір тапшылық көріп жүр. Мұның өзі малдың өнімділігін арттыруға және мал басын аман сақтауға зерісінше әсер етіп келеді. Бұл, әресе, 1951—1952 жылдардың қысқы маусымында айқын көрінді.

Көктемгі -жазғы айлар жемшөп әзірлеудің және жемшөптің қажетті қорларын жасаудың шешуші кезеңі. Осыған байланысты колхоз, ауылшаруашылық және совет орындары басшыларының міндеті — бұл кезде колхоздардың бап-

мыс кезінде өнімді пайдалану, шөп шабуға жұмысшы күшін дұрыс орналастыру — міне, қоғамдық мал шаруашылығы үшін берік жемшөп қорын жасаудың басты шарттары осылар.

ҚК(б)П Орталық Комитеті II пленумының қаулысына сәйкес облысымыздың колхоздары мен МТС-тері бйыл шөп шабуға май айының аяқ шенін ала кірісуге тиіс. Бұл — шөп шабу маусымының басталуына санаулы ғана күндер қалды деген сөз. Алайда, уақыттың аз қалғандығына қарамастан, Конюхов, Булаев, Ленин және Мамлют аудандарында шөп жыйнауға әзірлік әлі нашар, тіпті қолға алынбаған десе де болады.

Өткен қыста мал азығының жеткіліксіздігінен өнімді малдардың құнарлылығы төмен болған және мал шығынына жол берілген аудандардың бірі — Булаев ауданы. Ал, осы ауданда күні бүгінге дейін көлікке жегілетін шөп машиналарын жөндеудің жоспары 6,6 процент қана орындалды. Бұл жөніндегі жоспардың орындалуы Конюхов ауданында 2,2 процент, Мамлют ауданында 7,6 процент, Ленин ауданында 11,1 процент қана болып отыр. Сартомар, Петронавл,

«Новая жизнь», «Семеновод», «Большевик», «Образцовый» артельдері бірлесіп колхозаралық отар ұйымдастырып мемлекетке ет есебіне тапсырылатын малдардың бөлек жайылымда бағылуына ұйымдастырды. Екі айдай жайылым мерзімінде колхоздар отардағы барлық малдарының жалпы салмағын алғашқыдан 4300 килограмдай арттырды және мемлекетке жоғары сапалы ет тапсырылуын қамтамасыз етті.

Сол сыяқты, тәжірибе қай жерде мал шаруашылығына жете көңіл бөлінбесе, малдың жазғы жайылымы тыянақты ұйымдастырылмаса, ол жерде мал шаруашылығы өнімдерінің төмен болатынын, мал басын өсіруде елеуді кемшіліктердің орын алатынын көрсетіп отыр. Мәселен, Булаев ауданының көпшілік колхоздары мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін тапсыру жоспарын жылдан-

жылға ұйымдастырушылар — адамдар арасында саяси-бүкаралық жұмыс жолға қойылғанда ғана көрнекті табыстарға жетуге болады. Ендеше жергілікті партия ұйымдары мал өсірушілер арасында еңбек өрлеуін тұрғыза білуге, оларды мал шаруашылығын өркендету жөніндегі міндеттерді ойдағыдай орындау күресіне жұмылдыра білуге міндетті.

Жазғы мал жайылымы маусымы басталды. Қоғамдық мал жайылымдықтарға шықты. Мал шаруашылығы қызметкерлері арасында қоғамдық мал шаруашылығын өркендету жолындағы социалистік жарыс кеңінен өріс ала бастады. Мал жайылымын тыңғылықты ұйымдастырып, мал басын өсіру, оның өнімділігін арттыру және мемлекетке малшаруашылық өнімдерін тапсыру жолындағы күресте жаңа табыстарға жете берейік!

Идеологиялық жұмыс мәселелері жөніндегі республикалық кеңес

Кеше, 15 майда, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің мәжіліс залында идеологиялық жұмыс мәселелері жөніндегі республикалық кеңес ашылды. Кеңестің жұмысына облыстық және аудандық партия комитеттерінің секретарьлары, облыстық, аудандық партия комитеттерінің насихат және үгіт бөлімдерінің меңгерушілері, облыстық газеттердің редакторлары, республикалық баспасөз қызметкерлері, республиканың ғылыми және мәдени-ағарту мекемелерінің қызметкерлері қатысты.

Кеңесті Қазақстан Қ(б)П Орталық Комитетінің секретары Ж. Шаяхметов жолдас ашты. Қазақстан Қ(б)П V съезі мен Қазақстан Қ(б)П Орталық Комитеті VIII пленумының қарарларын орындаудың барысы және республиканың партия ұйымында идеологиялық жұмысты жақсарту жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Қ(б)П Орталық Комитетінің секретары М. Ә. Сужиков жолдас баяндама жасады.

Кеңесте Алматы қалалық партия комитетінің секретары А. И. Неклюдов жолдасын — қалалық партия комитетінің Қазақстан Қ(б)П Орталық Комитеті VIII пленумының қарарын орындағаны туралы, Қарағанды облыстық партия комитетінің секретары М. Б. Хафизов жолдасын — облыстың партия ұйымдарында насихатшылар кадрларын іріктеп алу, тәрбиелеу және партия насихатының жайы туралы,

Ақмола облыстық партия комитетінің секретары Г. Д. Логинова жолдасын — үгітшілер кадрларын іріктеп алу, тәрбиелеу және облыс еңбекшілерінің арасында саяси үгіттің жайы туралы, Павлодар облысы, Баянауыл аудандық комитетінің секретары К. Макин жолдасын — мал өсірушілердің арасында саяси жұмысты ұйымдастыру тәжірибесі туралы қосымша баяндамалары тыңдалды.

Мұнымен қатар, кеңесте Семей облыстық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі Д. Ф. Рахманов жолдас — облыстық партия комитеті мен аудандық партия комитеттерінің газеттерге басшылығы туралы, Талдықорған облыстық партия комитетінің секретары Л. Т. Андреева жолдас — облыстың партия ұйымдарында халық ағарту ісіне партия басшылығы туралы, Батыс Қазақстан облыстық партия комитетінің секретары Ш. Сағындықов жолдас — облыстың мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысына партия басшылығы туралы, Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімінің меңгерушісі П. С. Егоров жолдас — облыстың кино орындары мен искусство мекемелерінің жұмысына партия басшылығы туралы қосымша баяндама жасады.

Кеңес бүгін өзінің жұмысын жүргізуде.

(ҚазТАГ).

ішінде жер жырту жөніндегі жоспар 22, тұқым себу жөніндегі жоспар 13 процент қана орындалды.

Сонда колхозда егіс жұмыстарының ойсыраған олқылыққа ұшырауының негізгі себебі неде?

Оның басты себебі — трактор паркінің қуаты толық пайдаланылмай келеді. Бұған дәлел келтірейік. Мәселен, жер жырту жоспары бескүндік сайын орындамай келеді дедік. Өйткені жер жыртуда жалғыз «С—80» тракторы ғана жұмыс істеп жүр. Бірақ, мұның өзі де іске толық қуатымен пайдаланылып жүрген жоқ. Олай дейтіміз — бұл тракторға бір-ақ плуг тіркелген, ал екінші плуг тіркеліп көрген емес. Сондықтан тракторшылар да күндік нормасын орындай алмай, уақытты босқа өткізуде. Осы сыяқты, тракторға екінші плугтың тіркелмеуі салдарынан, жанар, жағар майы да нормадан артық жұмса-

Осы сыяқты, колхоз басшылары көлік күшін де егіс жұмыстарына түгел пайдаланбай отыр. Кейбір күндері егіс бригадасы (бригадирі Омельченко жолдас) трактор отрядына жанар, жағар майын және суды уақытылы тасып бере алмайды. Демек, қайсы бір кезде тракторлар осы судың және жанар майының жеткіліксіздігінен босқа тұрады. 6 май күні «ХТЗ» тракторы нақ осы себеппен жұмысқа қосылған жоқ.

Егіс жұмыстарының сапасы да өз дәрежесінде емес. Мұнда, әсіресе, жер тырмалау жұмыстарының сапасы өте-өте нашар.

Қолайлы мерзім өтіп барады. Ал, Буденный атындағы колхоздағы ойсыраған олқылықтың қашан жойылары әлі белгісіз.

Б. ЖАҚЫПОВ.
БУЛАЕВО. (Өз тілшіміз).

колхоздар машиналар мен шабуға алдын

Көктемгі ет аяқтаған Шағры 15 майға машинасын және шөп тырнауы болатын.

Мал азығын азығындағы социалистік өрістете отыр өздерінің бұл бұрын орындары мен тырмалық сапалы және

Шөп машинасы, Г. Бриль тахтанов

КОММУНИЗМ ҚҰРЫЛЫСТАРЫ—БҮКІ.

СУРЕТТЕ: (солдан оңға қарай) Еділ-Дон құрылысының суға толтыру үшін су қотарып берудің монтаж алаңы. Москва—Рязань темір жолы сортировочная станциясы бастығының көмекшісі даулы құрастырушы Т. И. Бобруков және те Сталинград су электр станциясының құрылыс тұлғаларының құрамына жөнелту алдында. Каховка су электр станциясының құрылысына түсуші Б. И. Қоханов, В. А. Терновскийді қау үшін су астына түсуге әзірлеп тұр. (СОТА-



Ы
ЫҢ
МІЗ

ктивтерді ірік
ұйымының та-
мектесті. Пар-
ұмыс істеу жө-
ді жұмыс жос-
бірге, Сотников
басқа да
Дерев жолдасты
лдер советінің
шылық жасау,
руаншылық жү-
н қалай жүзө-
калық көмек
рттия ұйымын-
кейін он күн
с аталған пар-
рет ба-
ары мен кеңес-
арысын тексе-



атындағы кол-
ретары Бурак
ен социалистік
де көмек сұ-
ұл тілекке ке-
хозға аудандық
нов, аудандық
етары Кисе-
митетінің әйел-
өніндегі бөлім
астарды жібер-
да 3—4 күн
колхозшылар-
і, үгіт- бұқара-
мдастыру жө-
сөрсетті. Соны-
лар үшін саяс,
баяндама жа-
істі нәтижесін
ұйымы колхоз-
тық дақылда-
ол өнім алу.

Петропавл көгалдандыру тресінің гүл бақшаларында бөлмелерге қойылатын гүлдер көптеп өсірілуде.

СУРЕТТЕ: гүл-бақша қызметкері Н. Бедюкова жолдастың өсірілген гүлдерді бөлмедегі ыдыстарға қою үшін таңдап алып жүрген кезі.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Булаев ауданында

Фермадағы жұмыстар

механикаландырылды

Возвышен астық совхозында быылдың өзінде 4 жел двигателі сатылып алынып, оның екеуі № 3 және № 5 бөлімшелерге орнатылды. Кәзіргі уақытта совхоздың жұмысшылар коллективі сыйыр қорасына аспалы жол орната бастады. Қой басының өсуіне байланысты 30 қайшысы бар қой қырқатын бір агрегат орнатылды.

Жаңа радио торабы

Еңбекшілердің шағым-арыздарын қарауға жете назар аударылсын

Біздің елімізде шын мәнінде халықтық, мемлекеттік аппарат құрылған. Мемлекеттік аппараттың қызметкерлері өз халқына қызмет етеді. Еңбекшілер олардан түрлі мәселелерге деркезінде құлақ асып, дұрыс шешіп отыратын іскер, сергек адамдарды көреді. Сондықтан да еңбекшілердің шағым-арыздарын шешуге мемлекетті қараушылық, тоқмойындық сыяқты кемшіліктермен келісуге болмайды.

Совет халқының мемлекеттік және қоғамдық мекемелердің жұмысын жақсартуға деген ынтасы күшті. Еңбекшілер мемлекеттік аппараттың жұмысындағы кемшіліктерді кезінде білдіріп отырады, ол кемшіліктерді жоюдың жолдарын көрсетеді, сөйтіп, олардың жұмысын жақсартуға көмектеседі. Сонымен бірге, азаматтар өздерінің жеке басының мәселелері жөнінде де шағым айтады және заңды праволары бұрмаланған болса, оны қорғай да алады.

Еңбекшілердің шағым-арыздарын шешуді ұйымдастыру және оларды қабылдау ісі едәуір жақсарғанмен әлі де болса елеулі кемшіліктердің орын алып отырғандығын айтпай кетуге болмайды. Күні бүгінге дейін кейбір мекемелерде түскен шағым-арыздардың барлығы есепке алынып отырмайды.

Түскен шағымдарды деркезінде, белгіленген мерзім ішінде қарап, шешудің зор маңызы бар. Заң жүзінде бекітілген мерзім бойынша республикалық, өлкелік, облыстық мекемелерде шағымдар әрі кеткенде бір ай ішінде, ал аудандық және қалалық ұйымдарда 20 күн мерзім ішінде шешілуге тиіс.

Кәзіргі уақытта шағым-арыздарды тек заң бойынша бекітілген мерзім ішінде ғана емес, одан едәуір бұрын және тез шешуге мүмкіншілік бар.

Алайда, кейбір қалалық мекемелердің жұмысында бұл жөнінде бірқатар кемші-

пенсиясынан заңсыз ұстап қалушылық жиі кездеседі. Осыған байланысты қалалық әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің жұмысы туралы прокуратураға жиі-жиі арыз түседі.

Қалалық байланыс мекемесінде шағымдарды қарап шешу ісі бұдан да нашар. Облыстық байланыс басқармасы мен қалалық байланыс мекемесі қызметкер Ермақованың көп жылдық еңбегі үшін заңды еңбекақысына қосымша ақы төлеу жөнінде берген арызын жыл бойына шеше алмай-ақ келеді.

Кейбіреулердің еңбек қорғау туралы заңды жете түсінеуі, жұмыстан шығарылғандығының себебін еңбек кітапшасына дұрыс жазбау және басқа да сондай себептерден еңбек мәселесі жөнінде де прокуратураға шағымдар көп түседі. Сондықтан кәсіподақ ұйымдары еңбек жөніндегі күзәнді мәселелерін жергілікті жерде, яғни кәсіпорындар мен мекемелерде шешілуін қамтамасыз етудің нақты шараларын қарастырулары қажет.

Сол сыяқты, мекемелер мен ұйымдарға шағым айта келген немесе өз шаруасымен келген еңбекшілерді қабылдауда да тоқмойындыққа салынбай, ондай адамдарды қабылдауды қарамағындағы адамына тапсырмай, басыңдар өздері қабылдап, мәселені дұрыс шешетін болулары керек.

Еңбекшілердің шағымдарын қарауды және келушілерді қабылдауды жақсарту ісінде мекемелердің партия ұйымдары зор роль атқара алады. Олар шағымдарды шешудің жайын тексеріп, аппараттың жұмысын жақсартуға көмектесулері керек.

Әрбір мекемеде түскен шағым-арыздарды тіркейтін кітапша болуға, ол шағымдар барлық тексерілген материалдармен бірге мұқият сақталуы қажет. Шағымды жоғалтқан адам оған жауап береді немесе бас жауапкершілігіне тартылады. Ал,

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 15 май. (СОТА). Корей Халық - Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі 15 май күні былай деп хабарлады:

Бүгін Корей Халық армиясының құрамалары қытай халық еріктілері бөлімдерімен бірге барлық майдандарда жау әскерлерінің атақаларын ойдағыдай тойтарып тастаумен болды.

Батыс майданда Ионьчхоньнің батысына таман жердегі ауданда дұшпан біздің алып тұрған шептерімізге бірнеше рет атақалар жасауға әрекеттенді, алайда біздің әскерлеріміздің зеңбіректерден бората оқ жаудыруына кездесіп, жау кейін шегінуге мәжбүр болды. Ұрыс даласында жау 90-нан аса өлігін қалдырды.

Орталық және шығыс майдандарда дұшпанның барлық атақалары тойтарылып тасталып, үлкен шығындарға ұшыратылды.

Бүгін біздің зенит бөлімдеріміз және жау самолетін аңдып атқыштар дұшпанның 9 самолетін атып түсірді.

Иран сенаторы өзінің Совет Одағына барғандығы туралы әңгіме айтты

ТЕГЕРАН, 14 май. (СОТА). Иранның ССРО-мен мәдениет байланысы қоғамы 13 майда жыйналыс өткізді, бұл жыйналыста Иран сенаторы Матин Дафтари «ССРО-да оқу мен мәдениеттің жеңістері» деген тақырыпта баяндама жасады.

Матин Дафтари жыйналғандарға өзінің жақын арада халықаралық экономикалық кеңеске қатысу үшін Москваға барғандағы алған күшті әсері туралы айтты.

Иранның ССРО-мен мәдениет байланысы қоғамының председателі сенатор Мосташар-эд-Довле (Садық Садеги) ашқан жыйналыста бірнеше жүз адам, соның ішінде Иранның сауда-өнеркәсіп, ғылым және мәдениет топтарының көптеген өкілдері болды.

ИЗРАИЛ КОМПАРТИЯСЫНЫҢ АЛДАҒЫ БОЛАТЫН XII СЪЗЫ

МТС партия ұйымы механизатор кадрларын саяси тәрбиелеуде біраз жұмыстар істеген. Алайда, партия жұмысының мұндай негізгі мәселесін ұйымдастыруда

Бюро мәжлісі МТС дирекциясы мен партия ұйымын механизатор кадрларына саяси тәрбие беру ісін жақсартуға міндеттеді.

төрт айдың ішінде аудан еңбекшілеріне 130 мың сомның заем ұтысыя төледі. Стаханов атындағы колхоздың мүшесі Қаранай Айнағыров 1 мың сомның облигациясына 11600 сом ұтты.

далып көрген емес. Дүкендердің көпшілігінде еңбек тәртібін бұрмалаушылық та кездеседі. Жоғарыда айтқан Қаратал дүкенінің сатушысы Сатыбалдина көбінесе өзінің жеке басының сауда-саттық жү-

көңіл бөліп отыру заңды талап.

Ленин ауданы,
колхоз.

Өз ісінің шебері

Жылыналыста көтеріңкі міндеттеме алып шыққан Владимир Александрович үйіне келгесін көп ойланды. Ол Ленинградта токарь болып істеген кезіндегі іс тәжірибесін, өзінің бұрынғы мастерлері Петров, Косорватовтардың жұмыс әдістерін есіне түсіріп, көз алдынан елестетіп отты. Ақ жібек дастарханмен жабылған стол үстінде жатқан «Правда», «Труд» газеттерінде жарияланған Сталиндік сыйлықтың лауреаттары Жандарованың, Агафонованың мақалаларына қызыл қарындашпен белгілер қойып отыр. Әрбір белгіде алуан түрлі сыр бар сыяқты. Ол металды шапшаңдатылған әдіспен кесудің тамаша шебері Павел Быковтың «Бақытқа жол» кітабына қайта-қайта үңіледі. Кітаптың әрбір бетін әлде неше рет оқып шығып, өзінше қорытынды жасайды, әрбір операцияны мінез атқару жөнінде жоспар жасап, қойын дәптеріне жазады.

Уақытты ұту, электр қуатын, металды көп үнемдеу;

Шпиндельдің айналымы минутына 1000-нан асырып, минутына 120—130 метр металл кесу, станокты пайдалану мерзімін ұзарту;

Өнімнің өзіндік бағасын арзандату, оның сапасын жақсарту; — деп жазылған дәптерге. Бұл — жоспар еді.

Владимир Александрович механикалық техникумда оқығаны баласымен бірлесе отырып, осы жоспарларға байланысты бірнеше чертеждер сызды. Бірінші кезектегі міндет — «фланц», «цайф» бөлшектерін жасау. Бұл чертеждердің ойла-

ғыдай нәтижесіне жету — жыл емес, ай сайын мемлекетке оңдаған мың сом пайда келтіру екенін түсініп отырмысың ұлым, — деді қарт токарь бір кезде.

Суретшінің қолынан өрнектеліп шыққандай жақсы жасалған чертеж оған үлкен істің игілігі тәрізденіп көрінді. Чертежін әлсін-әлсін қарап, оның ар жағында сол сызықтардың негізінде жасалған жабдықтарды көргендей болады ол.

...Владимир Александрович заводқа кіргенде таң енді ғана ала көлеңкеленіп келе жатқан еді. Бірақ, завод үйінде жарқырап жанған Ильич шамы күндізіден де жақсы көруге болатындығын еске салғандай.

Алған міндеттемесіне қарай ол № 306 токарьлық станокты жұмысқа жаңаша бейімдеуге кірісті. Станоктың қызметі, оның моторының қуаты, жөнделу сапасы бәрі де таңдаулы токарьға берген сертті орындауға болатындығын байқағ-бы.

Владимир Александрович өзінің белгілеген шараларын цех технологі Шееваға баяндады, жасаған чертежін көрсетті. Технолог Шеева мен цех бастығы чертеждерді қарап шықты да, өздерінің пікірлерін айтты. Ігі істі жүзеге асыруға көмектесетіндіктерін білдірді. Соңынан заводтың рационализаторлық бюросында жөғары бағаланып қабылданған ұсыныстың істе пайдаланылуына рұқсат етілді. Таңдаулы токарьдің жаңашылдардың бастамасы бойынша тамаша та-

бысқа жету жолындағы күресі осылайша басталды.

* * *

Цехта станокты еркін меңгерген токарьлар тез қыймылдап, болат темірді таспайдай тіліп, станок өңдеуінен өткізіп жаттыр. № 306 станок әлі іске қосылмаған. Технолог пен токарь станокке әлдеқандай бір өзгерістер енгізіп, қосымша жабдықтар орнатумен шұғылдануда.

—Мотордың шкибін ауыстыру керек, — дейді Владимир Александрович, — онда шпиндельдің айналымы тездетіледі, сөйтіп, шпиндельді минутына 120 метрден 140 метрге дейін металл кесетін етуіміз керек.

—Сонда сіздіңше оның айналымы қанша болмақ? — дейді технолог.

—Айналымды минутына 900-ге қоямыз.

—Мұның бәрі дұрыс, бірақ бұғач мотордың қуаты жете ме?

—Жетеді, мотордың күші 8 киловатт.

Станок металды шапшаңдатылған әдіспен кесуге бейімделгеннен кейін ғана іске қосылды. Станокта шпиндель айналымы тездетілген сайын металл да орауынан тарқатылған жіптей ағытыла тілініп жатты. Станокты бақылап тұрған технолог бір сағаттан кейін станокты тоқтатып, алғашқы қорытындыны шығарды. Норма бойынша 600 айналым орнына шпиндель минутына 1100 айналым жасады.

Өз ұсынысының табысты болғанына сырттай сырын білдірмесе де, іштей қуанған қарт токарь күн артынан күн өте ісін жетілдіре түсті. Шпиндельдің айналымы үсті-үстіне үдетті. Шпиндель минутына 1150, одан кейін 1200, 1250

айналым жасап, минутына 125 метр, онан кейін 130—140 метр металл кесетін болды.

Бұрын цехта 70 дана «фланц» бөлшегін жасауға 1 метр металл жұмсала-тын. Озат токарь металдан ешбір кесінді қалдырмай пайдалану үшін де көп еңбек сіңірді. Станокты жаңаша бейімдеп, 1 метр металдан 70 дана «фланц», 10 дана «цайф» бөлшегін жасауға жетісті. Ақыры 1 метр материалдан жасалатын бөлшектердің өзіндік бағасы бұрынғыдан едәуір кемітілді.

Осының барлығы Владимир Алексан-дровичтің өткен төрт жарым ай ішінде 12 мың 500 сом мемлекет қаржысын, 4800 килограмм металл үнемдеуіне мүмкіншілік берді.

—Архиновтың тәжірибесі, — дейді технолог Шеева жолдас, — кәзір заводтың барлық цехтарында қолданылады.

Токарьлық қызметтегі 35 жылдың ішінде Архинов жолдас нендей ғажап ұсыныстар жасамады десеңізші! Ол соңғы он жылдың ішінде 22 жылдың өндірістік тапсырмасын орындады. Жыл сайын 2 адамның жұмысын атқарады. Архинов жолдас завод өндірісіне 30-тан аса жаңалық ұсыныстар енгізді.

* * *

Заводта жұмысшылар Владимир Алек-сандровичті тек жаңашыл-стахановшы ретінде ғана емес, оны тәрбиеші, ұстаз ретінде қадірлейді, сыйлайды. Әрбір цехтан токарьдың тамаша шәкірттерін та-басыз. Олардың барлығы да өндіріс озат-тары. Мысалға «Любинский» станогінде жұмыс істейтін токарь Федор Никитинді алайық. Ол сменалық нормасын біржа-

рым еседен орында рационализаторлық Оның ұсынысы бө-шаңдатылған әдіс кесетін патрон ең арттыруға мүмкінді

Таңдаулы токарь бірі — токарь Ник жұмыс істей бас болды. Осы уақыт еңбекте үздік шы на қосылды. Са 150—165 процен ті. Оның 4 айда ү мөлшері кәзірдің ө жетеді. Тәжірибелі дағы кәзіргі үйрен- лых, Слава Черны айтуға болады. О бөлшектерді пресе мен шұғылданып Архинов кәзір мын минутына 15 жеткізуге, минуты металл кесуге мін —Бұл сертімді орындап шығамын дағы еңбек өрлеуі үлесімді қосу үшін Архинов жолдас.

Оның бұл серті дығына күмән жоқ тан -табысқа жіге отырған да еңбек ғы.

Биров атындағы токарь, рационализ жолдастың бүгінгі тары, міне, осында

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редакция және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табыс